



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

28 ақпан
сейсенбі
№17 (1924)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshtit.kz@mail.ru

апталығы

ҚҰРЫЛЫСТЫҢ САПАЛЫ, УАҚЫТЫЛЫ АЯҚТАЛУЫ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ

Бүгінде Қызылордада құрылыс қарқынды жүруде. Біраз нысандар бой көтеруде, оған қоса газдандыру да қолға алынуда. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов пен қала әкімі Асылбек Шәменов шаһарда салынып жатқан бірқатар құрылыс нысандарын аралап, жұмыс барысымен танысты.



Ақсуат ауылы газбен толық қамтылады

Нысандарды аралау барысында жауапты тұлғалар мен мердігерлерге әрбір жобаны жүзеге асыруда мұқият болу қажеттігін ескертті. Алдымен облыс әкімінің бірінші орынбасары қалаға қарасты Ақсуат ауылдық округін газдандыру барысын аралап, ондағы атқарылып жатқан жұмыстарды көрді. Дәл осы кезде 4500-ге жуық тұрғыны бар ауылға газ құбыры толық жүргізілген. 500-ге жуық үй осы көктемде көгілдір отынға қосылады деп жоспарлануда. Алдағы күздегі жылу беру

маусымында ауыл тұрғындары газ игілігін көреді дегуе толық негіз бар.

Сонымен қатар Серік Салауатұлы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы автономды блок модульді қазандығының жұмыс барысын көріп шықты. Бұл жылу беру орталығы дарияның сол жағалауындағы барлық үйге газ беруге қауқарлы.

Ипотекалық тұрғын үй беріледі

Бұған қоса облыс әкімінің бірінші орынбасары сол жағалаудағы 10 ипотекалық тұрғын үйдің құрылысын көріп, ең бастысы сапасына мән беруді тапсырды. Бұл

жоба – жалпы ауданы 29907,2 шаршы метр болатын 470 пәтерлі тұрғын үй құрылысы. Ол да осы жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Әрі қарай Серік Қожаниязов «Евразия» мәдени-спорт кешеніндегі қайта жөндеу жұмыстарымен танысып, сапаның басты назарда болуы керектігін айтты. Облыс әкімінің бірінші орынбасары мекемелер мен жауапты тұлғаларға қыс мезгілінде құрылыс сапасына мән беруді, жұмысшылар жалақысын уақытылы төлеуді және нысандардағы жұмысты мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

Қызылорда ауылдық округінде 2022 жылы салық түсімдері 6 млн 259 мың теңгеге жоспарланып, жылдық жоспар 125 пайызға орындалған. Сондай-ақ ауыл халқының маңызды мәселесіне айналған көшелерді жарықтандыру, аяқсу және қоғамдық көлік мәселесі шешімін тапқан. Бұл туралы ауылдық округ әкімі Сәкен Әбдіжаппар қала әкімінің баспасөз алаңында өткен брифингте айтты.

ҚЫЗЫЛӨЗЕК: АУЫЛ ӘКІМІ АУЫЛҒА КӨШТІ МЕ?



«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында бөлінген 3 млн 620 мың теңгеге Айнакөл ауылының 3 көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылса, мекеменің үнемделген қаражаты есебінен қаралған 3 млн 997 мың теңгеге Ж.Жабаев көшесінің аяғына жарық бағаналары орнатылып, өткен жылғы есепті кездесулерде жарықтандыру бойынша көтерілген мәселелер толық шешімін тапты.

Сондай-ақ ауылдық округте аяқсу тапшылығына байланысты қала басшылығының қолдауымен 18 млн 852 мың теңге қаражатқа 2 дана жаңа СНП-500/10 дизельдік насостық қондырғысы сатып алынып, егістіктер мен 3 елді мекенге аяқ су берілді. Аяқсу мәселесін шешу мақсатында 4 дана техникалық су тарту ұңғымасы қазылды, – деді Сәкен Нысанұлы.



Қызылорда ауылдық округі – кәсіпкерлік саласында алдыңғы қатардан көрінетін ауылдардың бірі. Мәселен, бүгінде ауылдық округте 156 шағын және орта кәсіпкерлік нысаны жұмыс істейді. 2022 жыл көлемінде шағын және орта бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламалары аясында жаңадан 20 кәсіпкерлік нысан тіркеліп, 20 тұрақты жұмыс орны ашылған.

Елді мекен көшелерінің жолдарына жөндеу жүргізу мақсатында өткен жылы бірінші кезекте жөндеуді қажет ететін 6 көшенің ЖСҚ-сы әзірленіп, облыстық басқармаға бюджеттік ұсыныс берілген. Соған сәйкес, биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қаражат бөлініп, Абылайхан және Айнакөл-2 көшелеріне асфальт, Жанаарық, Арғын, Қорқыт ата, және Қараөзек бекеті-3 көшелеріне малта тас төсеу жұмыстары жүргізілді.

Одан бөлек Айнакөлдегі жарық шамдары жоқ екі көшеге биыл жаңа үлгідегі жарық бағаналары орнатылмақ. Сонымен қатар Қараөзектегі М.Жабағыұлы мен Арғын көшелерін толық жарықтандыруға да бюджеттік өтім берілген. Айта кетерлік жайт, биыл Қараөзекте балалар ойын алаңын салуға қаржы бөлініп, қазіргі кезде мемлекеттік сатып алу рәсімі жүргізіліп жатыр. Ойын алаңы Е.Дәуітбаев көшесіне салынбақ.

Ауыл әкімі өткен жылы есепті кездесуде көтерілген мәселелерге де тоқталып, бүгінде атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. «Қожақ» автомобиль көпірін күрделі жөндеу және электр тарату желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу үшін зерттеу жұмыстары жасалып, бюджеттік өтім ұсынылған еді. Үстіміздегі жылы бұл ұсыныстарымыз бойынша қажетті қаражат бөлініп, жобалау жұмыстары басталуда. Жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындылары алынған соң құрылыс жұмыстарына қаражат бөлінеді деп сенеміз», – деді ауыл әкімі.

3 БЕТТЕ



Ералиев Нурлан Сералиевич

№20 сайлау округі бойынша өзін-өзі ұсыну тәртібімен қалалық мәслихат депутаттығына үміткер

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ - ЕРГЕ МІНДЕТ!



№20 сайлау округіне қарасты сайлау учаскелерінің орналасқан мекен-жайлары:

- №260 Т. Есетов атындағы №264 мектеп-лицей
коммуналдық мемлекеттік мекемесі, С.Бейбарыс көшесі, ғимарат №5
- №352 "Бегім ана" балабақшасы Б.Баймаханов көшесі, құрылыс №39



Тапсырыс беруші: №20 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Н.Ералиев. Қаржысы респубикалық бюджет қаражатынан төленеді.

ҚОСШЫҢЫРАУҒА ГАЗ КЕЛЕДІ



Биыл Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Абай, Досан елді мекенінде газ желілерінің құрылысы басталады. Бұл туралы қала әкімінің баспасөз орталығында өткен брифингте ауыл әкімі Сейдуали Әбдіқалыров айтты.

– Ауылдық округ тұрғындары үшін жағымды жаңалықтың бірі – биылдан бастап Абай, Досан елді мекендерінде газ желілерінің құрылысы басталмақ.

Ауқымды жобаға бюджеттен барлығы 663 млн теңге қаржы бөлінді. Бұдан бөлек биыл Досан ауылындағы №4а, 9а, 15, 17, 20 көшелерге орташа жол жөндеу жұмыстары және Абай ауылындағы саябаққа ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар сыйыр фермасы мен Махамбетов көшелерінің қиылысын, Досан ауылындағы №1 көшесін жарықтандыру жұмыстары қолға алынды, – деді ауылдық округ әкімі.

2 БЕТТЕ

Қалаға қарасты ауылдардың инфрақұрылымдық жүйелерін дамытуда атқарылып жатқан нәтижелі істер байқалады. Сәрсенбіде қала әкімінің баспасөз орталығында Қарауылтөбе ауылдық округінің әкімі Еркін Ахетов өткен жылы атқарылған жұмыстар бойынша брифинг өткізді.



Былтыр ауыл тұрғындарының өтіншімен 150 орындық ауылдық клубтың іргетасы қаланған. Бұл өз кезегінде жұртшылықтың көптен күткен қуанышы болды. Сонымен қатар ауылдағы көлемі 6800 шаршы метрді құрайтын Әбдіхалықов бейгі аумағына қоршау жұмыстары жүргізілген. Бұдан бөлек ауыссу жинау қоймасы қолданысқа беріліп, жол қауіпсіздігі мақсатында «Өңірлерді дамыту» бағдарламасымен Байсейітов көшесінің 400 метріне жарық шамдар орнатылған. Сондай-ақ ауылға 21 жол белгісі қойылған.

Ауыл балаларына «Балалар жылы» аясында «Строй модуль Астана» ЖШС-ның демеушілігімен ойын алаңы салынған. Сондай-ақ кәсіпкер қолдауымен кіре беріс жол бойына аялдама орнатылған.

Өткен жылы атқарылған істерді саралаған ауыл әкімі Еркін Ахетов брифинг барысында алдағы атқарылатын жұмыс жоспарымен де бөлісті.

– Биыл жоспарымызда округтегі жаңадан қоныстанушы аумақтағы жалпы ұзындығы 9 шақырымды құрайтын 12 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Қазіргі таңда 8 дана КТПН, электр бағаналарын орнату жұмыстары, сондай-ақ округтегі жаңадан қоныстанушы аумаққа техникалық су тарту ұңғымасын және А.Иманов көшесінің бойындағы №6-ТС техникалық су тарту ұңғымасын орнату жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек округке кіре беріс жолдың бойындағы R-1 каналына жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысы үшін жоба-

сметалық құжаттары дайындалуда. Ал С.Байсейітов, Ж.Әбдіхалықов, А.Құнанбаев, Желтоқсан көшелерінің бойына, жаңадан қоныстанушы аумаққа жаяу жүргіншілер жолын салу мақсатында қажетті құжаттары әзірленіп, бюджеттік өтім берілді, – деді ауылдық округ әкімі.

Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің айтуынша, былтыр 17 шағын кәсіпкерлік нысан ашылған. Бүгінде елді мекенде кәсіпкерлік саласында 112 нысан жұмыс істейді. Мұның барлығы мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асқан. Мемлекеттік бағдарлама игілігімен 43 миллион теңгенің 8 жобасы мақұлданды, «Еңбек» бағдарламасымен 17,2 миллион теңге болатын 14 жобаға қайтарымсыз грант берілген.

«Ақмешіт-ақпарат»

№15 сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына кандидат Оспанов Ерлік Ануарбекұлының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Оспанов Ерлік Ануарбекұлы 1982 жылы 20 шілдеде Қызылорда қаласына қарасты Бірқазан бекетінде дүниеге келдім.

1999 жылы №43 Ж.Махамбетов атындағы орта мектепті аяқтадым.

2005 жылы Қызылорда «Сейхун» академиясын «Тарих және география» мамандығы бойынша бітірдім.

Алғашқы еңбек жолымды 2005 жылы А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебінде бастадым.

Қазіргі уақытта Талсуат ауылдық округінде орналасқан №178 орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіндемін.

Менің ұстанымым: Өмір шыңға шыққанмен бірдей. Асықпай шығасың, зымырап түссесің!

Жақсы болу үшін депутат болу шарт емес, депутат болу үшін жақсы болу шарт.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Бұл жолғы сайлау бұрынғыдан өзгеше. Биыл ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына өзін-өзі ұсынуға мүмкіндік берілді. Депутат – халық пен билік арасында байланыс орнатушы, жұртшылықтың мұң-мұқтажын тиісті орынға жеткізуші тұлға. Сондықтан мұндай мүмкіндікті елім деген әрбір азамат ел игілігі үшін пайдалануы қажет деп ойлаймын.

Мен елін сүйген, туған жерді түлетуге үлес қосқысы келетін азамат ретінде қоғамды толғандыратын мәселелерді қозғап, халықтың жайлы өмір сүруі үшін оның үнін билікке жеткізуде облыстық мәслихат депутаттығына кандидат болуды мақсат еттім.

Сіздердің қолдауларыңызбен облыстық мәслихат депутаты атансам мынадай бағыттарда өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

- Мемлекетіміз кәсіпкерлікті қолдауға басымдық беріп, кәсіпкерлердің жеке кәсібін бастауға қолайлы

жағдай жасап келеді. Десе де бұл салада кемшін тұстар әлі де баршылық. Әсіресе ауылдық жердегі кәсіпкерлікті дамытуға көп көңіл бөлу керек. Осы орайда мен орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту аясында әрбір ауданның, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына ықпал етсем деймін.

Отандық өнім шығаратын кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге;

- Өзіме қарасты округ тұрғындарын толғандыратын түйткілді мәселесін негізге ала отырып, оның шешімін табуына;

- Қызылорда қаласы ерте кезде желегі жайқалған жасыл аймақ болғаны қазіргі күні жиі айтылады. Бүгінде бұл аймақтың осал тұсына айналған. Қаланы жасыл желекке айналдыру бағытында көркейту-қоғалдандыру жұмыстарының жүйелі жүргізілуіне;

- Білім саласының маманы ретінде сала қызметкерлерінің базасына маған жақсы таныс. Ұстаздарды толғандыратын мәселенің билікке жетуіне;

- Бүгінде балалардың ғаламторға телміріп отыруы алаңдатады. Олардың бос уақытын тиімді өткізу әрі салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру керек. Ол үшін оқушыларға қолайлы орта қалыптастыру мақсатында үйірмелер мен спорттық секцияларды көбейтуге;

- Қазіргі қоғамда балалардың қауіпсіздігі де күн тәртібіндегі мәселеге айналған. Бала біздің болашағымыз десек, оның құқығы тапталмауы қажет. Осы орайда балалардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесіне үнемі назар аударуға;

- Сондай-ақ отбасылық-демографиялық ахуалдың қалыптасуы болуы да маңызды. Бұл ретте «жас ата-ана» мектебін қалыптастыру, бала тәрбиесінде бабалар тағалымына баса назар аударған жөн. Осы орайда бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтардың ұлықталуына;

- Бүгінгі күннің осал тұсы ұлттық құндылықты өскелең ұрпақтың бойына сіңіру. Бұл бағытта «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» жобасын қолға алған дұрыс. Соның аясында ұлттық құндылықтарды насихаттау, қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге баса назар аудару;

- Білім саласындағы маңызды мәселенің бірі – білім ошақтарын салу. Ауыл-аймақта бұл әлі де өзекті. Қазір «Жайлы мектеп» жобасы аясында қалалық жерде мектеп салу ісі қолға алынуда. Бұл бағдарламаның ауылдық жерде де жүзеге асуына ықпал етуге;

- Балалардың сапалы білім алуы жолында жүзеге асырылатын мемлекеттік жобалардың ауылдық жерде де жүзеге асуына;

- Заман дамыған сайын халықтың қажеттілігі мен сұранысы артатыны белгілі. Осы тұста маған сенім артқан әрбір тұрғынның өзекті мәселесін миңберлерде қозғауға, еліміз үшін тиімді, пайдалы істердің жүзеге асуына атсалысуға уәде беремін.

Алда «Жаңа, Әділетті Қазақстанды» құру міндеті тұр. Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы саяси науқанда жол ашып берді. Ашық, саналы қоғам құру арқылы бірлігімізді нығайтып, еліміздің бұдан әрі өркендеуіне жол ашамыз. Біз болашағы жарқын Қазақстанның бүгінгі тұтқасымыз. Сондықтан елі үшін алаңдайтын әрбір азамат бұл науқанда белсенділік танытып, кемел келешекке қадам басуға тиіс.

Барша сайлаушыларды еліміздің ертеңі үшін сайлауға жұмыла атсалысуға шақырамын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№19 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Баймағамбетова Балдырған Ильясовнаның сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Баймағамбетова Балдырған Ильясовна 1986 жылы Жамбыл облысының Тараз қаласында дүниеге келдім.

2003-2007 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Әлем тілдері» факультетін бітіріп, ағылшын тілі пәні мұғалімі мамандығын алып шықтым.

Алғаш еңбек жолымды Жамбыл облысындағы Балтабай Адамбаев атындағы орта мектепте бастап, кейін Қызылорда қаласы №3 және 2011 жылдан бастап Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып қызмет істедім.

2013 жылдан бері директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келемін.

2021 жылдан бастап, «Қалалық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшесімін.

ҚазТЕК республикалық ағғылшын тілі пән мұғалімдерінің мүшесімін.

Бүгінде облыстық ағылшын тілі пән мұғалімдерінің жетекшісі ретінде жұмыс атқарып келемін.

Бірақтар жетістігім де бар. «Тіл шебері-2018» қалалық байқауының жеңімпазы.

«Қазақстан педагог зерттеушілері үздік макалалар, әдістеме және инновация» республикалық конкурсының «Үздік мақала» номинациясы бойынша жеңімпазы.

Греция, Афина қаласында, Ұлыбритания, Лондон қаласында білім беру жүйесі бойынша іс-тәжірибе алмасудан өттім.

2019-2020 жылдары ҚР Білім және Ғылым министрінің Алғыс хатымен, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Құрмет грамотасымен марапатталдым.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Елдігіміз еңселі, бағмыздың баянды болуы үшін Мемлекет басшысы жана әлемге бет түзеуді қолға алып, сенімге серпін беретін бастамаларға жол ашты. Еліміз үшін білімді ұрпақ, ойлы жасты тәрбиелеу – басты мақсаттың бірі. Бүгінде оларға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау да ұшан-теңіз. «Алты алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген екен Мағжан Жұмабаев. Бүгінгі жастың болашағы тікелей мұғалімнің берген біліміне, бағыт-бағдарына байланысты. Үлкен өмірге ата-ана қалай баулыса, мұғалімнің міндеті де дәл солай. Бүгінгі жаһандану дәуірінде әлемде болып жатқан өзгерістер, соның ішінде рухани, адами құндылықтар, жас ұрпақ тәрбиесі – ең өзекті мәселесінің біріне айналды. Соңғы жылдары Мемлекет басшысы мұғалімдердің айлығын жұмысына сай өсіріп, ұстаздарды бір көтеріп тастады. Білімді ұрпақ – ел ертені.

«Сапалы білімге теңдей қолжетімділікке кепілдік беріледі. Осыған байланысты бірқатар шаралар қолға алынуы тиіс. Мәселен, білім беру сапасын арттыру. Мектеп мұғалімдерін даярлауға ерекше назар аудару. Білім саласында қызмет етіп жүргендіктен білім саласының алға жылжуына бір адамдай үлес қосуды мақсат еттім.

Қадірменді ағайын!

– Сапалы білім беретін мектеп-гимназия, мектеп-лицей мамандарының статусын көтеру;

– Білім ошақтарының материалдық-техникалық базасын нығайтуды жоғары деңгейге көтеру;

– «Тәрбие – тал бесіктен басталады» демекші, жастар арасындағы құқық-бұзушылықтың алдын алу;

– Ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, имандылыққа шақыру, салауатты өмір салтын сақтау;

– Қоғамдық ұйымдар мен құқық қорғау органдарының жұмысындағы үйлесімділікті орнату;

– Қала аумағында аула клубтары мен спорт алаңдарының көптеп салынуы үшін бюджеттен қаржы бөлінуіне ықпал ету;

– «Ардагерлер – ел тірегі» жас ұрпақты үлкендерді құрметтеп, сыйлауға баулитын жұмыстарды күшейту;

– Ана мен бала өмірінің қауіпсіздігі; Көп балалы аналарға қоғамдық көлік қызметін, дәрі-дәрмекті жеңілдікпен алу мүмкіндіктерін шешу;

– Қала мен ауыл тұрғындарының оның ішінде жастар арасындағы жұмыссыздықты жою мәселесін қарастыру;

– Бала тәрбиесімен айналысатын арнайы балабақшалардың ашылуына бюджеттен қаржы бөліруге ықпал ету;

– Мүгедектігі бар балаларға арнайы балабақша мен мектеп-интернаттың көптеп ашылуына жұмыс істеу;

– «Ұрпақтар кездесуі» мектеп оқушыларының бос уақытын ұйымдастырудың тиімді тұстарын зерттеу.

Қымбатты қала тұрғындары!

Біз болашақтан көп үміт күтетін еліміз. Бүгінгі бастаманың барлығы еліміздің тұтас, қоғамның тұрақты, ұрпағымыздың сауатты болуы жолында жасалып жатқан игі істер деп түсінеміз. Ең бастысы, табысымызды еселеп, Тәуелсіздігімізді мәңгілік ету үшін қандай жағдайда да бұзылмайтын ауызбіршілік керек. Білім саласында қызмет еткендіктен сіздерге ұсынуы отырған бағдарламаның негізі білім саласына арналды. Бұл бағыттағы жұмыстарды бұрыннан көтеріп, тиісті жерінде мәселе етіп айтып та жүрмін. Өйткені бала дегеніміз – біздің ертеңгі болашағымыз. Оларды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай өрлімек. Сондықтан келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу – басты міндетіміз. Себебі оқыған адам – өзгеріс факторы. Қазіргі заман адамның қалыптасуы барысы барлық деңгейдегі білім беру сапасын арттыруды талап етеді.

Мен Қызылорданың әрбір тұрғынының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасының жоғары деңгейде болғанын қалаймын. Сонда ғана тағалымды тәрбие мен сапалы білім бір-бірімен ұштасады.

Құрметті сайлаушылар, сіздерді №19 сайлау округіне келіп, бақытты және табысты өмірге қалам басу үшін дауыс беруге шақырамын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№19 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Баймуханбетова Асель Нуржановнаның сайлауалды бағдарламасы

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Құрметті сайлаушылар!

Елдің патриоты болған соң өзімді жаңа қырыман сынамақ болып, саяси додаға түсуге бел байладым. Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына мен өзімді сайлаудың мажоритарлық жүйесіне орай берілген мүмкіндікті оңтайлы пайдаланып, үміткер болуды ұйғардым. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» деген қазақтың киелі сөзі еліміз үшін жасағалы жатқан ұлы жобаларымда жолбасшы болып, бағымды жандырса деп тілеймін.

Сайлауалды бағдарламада айтылған тапсырмалар үдесінен шығуды бағыт-бағдарға алып, жұмыс істеуді мақсат еттім.

Ел болашағы – жастардың қолында. Сол себепті де жастармен де жұмысты жаңғыртып отырамын. Жастарды ойландырып жүрген проблемаларды білу үшін, олармен жиі жүздесіп, оңтайлы шешу жолдарын қарастырып, өткір мәселелерін жылдам шешуге болашақ депутат ретінде нақты әрекет жасаймын. Әсіресе өзімнің мамандығымға сәйкес өнерлі жас таланттардың жұлдызын жағып, өнер саласының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, өнер додаларының туын халықаралық аренада асқартатып, егемен ел мақтанышын көтеріп, даңқын асырсам деген үлкен мақсат бар.

Халық саулығы аса маңызды. «Дені сауың – жаны сау» деген сөздің ұғымы терең. Ал тұрғындардың дені сау болуы үшін медициналық қызметтер әрқазір қолжетімді болуы керек. Заманауи медициналық құрал-жабдықтармен денсаулық сақтау мекемелері толық қамтамасыз етілуі үшін қажет деген қазырылы орындарға барып, халықтың аманатына жауапкершілікпен қараймын.

Жолдар жайы – көптің көкейіндегі өзекті мәселенің бірі. Тәуелсіз елдің азаматы ретінде халық қалаулысы болсам, әсіресе қалаға қарасты шет аймақтардың жол жөндеудегі күрделі мәселелеріне жіті көңіл бөліп, шешім табуын азаматтық борышым деп есептеп, күздіретімді пайдаланып, бел шеше кірісер едім. Ел үшін қызмет жасауға бел бұған азаматтың бар мақсаты ел үдесінен шығу деп ойлаймын.

Құрметті қала тұрғындары!

Менің сайлауалды бағдарламада елдің көкейіндегі мәселелер көтерілді деп ойлаймын. Дамудың даңғыл жолына түсу үшін ел бірлігі, ұлт тұтастығы ауадай қажет. Бірлік бар жерде береке де, дәулет те, бақуатты өмір де, бейбітшілік те болатыны ақиқат. Ел таңдаған абыройлы азамат ретінде сіздердің үміттеріңізді ақтауға дайынмын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

ҚОСШЫҢЫРАУҒА ГАЗ КЕЛЕДІ

Бұған дейін «Ауыл-елбесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында ауылдағы 5 көше жөндеуден өтсе, Досан ауылындағы №17 көшеге жарық шамдары орнатылған. Сондай-ақ аяқсау мәселесін шешуде 2 дана ұнғыма орнатылып, 3 каналға тазарту және казу жұмыстары жүргізілген.



Ауылдық округте қазір электр желісін тарту, медициналық бекет салу, ауылшілік жолдарды жөндеу, ауызсу жүргізу, «Дарбас», «Арғын» бейіттерін қоршау, балалар ойын алаңын салу сынды мәселелер өзекті. Дегенмен бұл мәселелер көп ұзамай шешімін таппақ. Бұл ретте Қосшыңырау ауылдық округі қаржыға 13 жоба мақұлданған. Бұдан бөлек «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы аясында жана бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант аясында жалпы құны 11 млн 26 мың 800 теңгені құрайтын 9 жоба мемлекеттік қайтарымсыз грантка ие болған.

Басы 1-бетте

Ақмешіт-ақпарат

№15 сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына кандидат Мәмбетов Әбілқасым Әбілдаұлының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мәмбетов Әбілқасым Әбілдаұлы 1963 жылдың 16 қаңтарында Қызылорда облысының қазіргі Шиелі ауданына қарасты Тартоғай елді мекенінде өмірге келген.

1981-1986 жылдары Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының Қызылорда филиалының инженер-механик мамандығы бойынша бітірген.

1987-1988 жылдары әскер қатарында болып, Отан алдындағы борышын өтеген.

Еңбек жолын 1980 жылы қазіргі Шиелі ауданына қарасты Тартоғай совхозында жұмысшы болып бастаған.

1986 жылы Тартоғай совхозында механик қызметінде болды.

1989-1991 жылдары Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы техникасы (райсельхозтехника) мекемесінде механик, бас инженер болып еңбек еткен.

1991-1994 жылдары Машина-трактор станциясының облыстық базасында директордың орынбасары лауазымын атқарды.

1994-1996 жылдары Сырдария аудандық тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары қызметінде еңбек етті.

1996-2005 жылдары Сырдария аудандық «Агротехника» мекемесін басқарды.

2005-2011 жылдары «Корпорация рестрол» ТС директоры қызметінде болды.

2011-2018 жылдары «Иман Ихсан» серіктестігін басқарды.

2018-2022 жылдары Шиелі ауданына қарасты Алмалы ауылдық округінің әкімі қызметін атқарды.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қалірі жерлестер!

№15 сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына өз кандидатураларды ұсынып отырмын. Сайлауалды бағдарламада халықты толғандырып жүрген мәселелерді қамтуға тырыстық.

- Экология. Бұл мәселе – көпті алаңдатқан проблеманың бірі. Әсіресе, былайғы жұрт Қызылорданы тал өспейтін, ағаш көгермейтін аймақ деп ойлайды. Шын мәнінде бұл – қате түсінік. Сондықтан да көркейту-көгалдандыру және санитарлық-тазалық жұмыстарына баса назар аудару қажет.

- Әлеуметтік қорғау. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, зейнеткерлерге, ардагерлерге, тұрмысы төмен отбасыларға және көпбалалы аналарға мемлекет тарапынан берілетін көмекті бақылауда ұстау, жағдай жасау, қалыпты өмірге бейімдеу мақсатында түрлі үкіметтік емес ұйымдармен байланыс орнату да маңызды. Халықты әлеуметтік тұрғыдан қорғау депутаттың басты ұстанымы болуы тиіс.

- Медициналық қызмет. Халық денсаулығы – бәрінен маңызды. Қазіргі таңда әлем елдері адамның өмір сүру жасын ұзарту бағытында жұмыс істеуде. Өкінішке қарай отандық медицинаға халықтың көңілі тола бермейді. Бізде кейбір ауру түрлерін емдеу мүмкін емес. Адамдар мәжбүрліктен шетел асып жатыр. Мен денсаулық сақтау саласына ерекше ден қойып, медициналық қызметтің сапасын арттыру бағытында жұмыс істеуді сайлауалды бағдарламаның бір бөлімі ретінде қарастырып отырмын.

- Жастармен жұмыс. Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында атқарылатын іс жетіп-артылады. Жастарды еліміздің ертеңі десек, олардың бүгінгіне ден қоямыз керек. Бұл бағытта түрлі спорттық секциялар мен өнер үйірмелерін ашуға ықпал етемін.

Жұмыспен қамту. Халықты алаңдатқан мәселенің бірі – жұмыссыздық. Жұмыссыздықты азайту мақсатында «Жұмыспен қамту», «Еңбек» мемлекеттік бағдарламалары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды бақылауда ұстап, тұрғындардың жұмыспен қамтылуына атсалысымын.

- Инфрақұрылым. Өзім депутаттыққа кандидат ретінде түсіп жатқан №15 сайлау округі бойынша жол, су, жарық мәселелерін шешуге ықпал етемін.

- Шағын және орта бизнес. Кәсіпкерлік саласы дамыса, халықтың да әл-ауқаты артады. Әсіресе шағын және орта бизнес ісін енді бастаушыларға көп көмек болады. Депутаттыққа кандидат ретінде түсіп жатқан округтегі тұрғындардың бизнеспен айналысуына көңіл бөлемін.

- Білім. Қазақ «Білекті бірді, білімді мыңды жығайды» деген сөз бар. Білім – тәуелсіз елдің ертеңгі күніне кепіл болатын саланың бірі. Өйткені мемлекетті басқару үшін де білімді адамдар қажет. Сондықтан да білім саласына қолдау көрсету бағытында жұмыс істеуді азаматтық парызым деп санаймын.

Құрметті сайлаушылар!

Сайлауалды бағдарламада облыс тұрғындарын алаңдатқан мәселелер қамтылды деп ойлаймын. Депутаттық мандатқа қол жеткізсем әлеуметтік мәселелердің шешім табуы үшін жұмыс істеуге дайынмын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№21 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Жүсіп Мақсат Өмірбекұлының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Жүсіп Мақсат Өмірбекұлы 1983 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.

2000 жылы қаладағы №6 мектепті бітірген. 2000-2004 жылдары Қазақ гуманитарлық заң академиясында құқықтану мамандығын бітірген.

2005-2009 жылы Алматы қаласындағы М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясында тасымалдауды ұйымдастыру және басқару мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Алғашқы еңбек жолы 2003 «PetrolLogistics» ЖШС Оңтүстік аймақтың өкілі қызметінен бастады.

2005-2021 жылдар аралығында «НК»-«КТЖ» АҚ-да басшылық қызметтер атқарды.

2022 жылдың маусым айынан бастап желтоқсан айына дейін «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-нің басшысы орынбасары болды.

2022 жылдың желтоқсан айынан бастап «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС директоры қызметін атқаруда.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестер!

Өткен жыл еліміз үшін саяси өзгерістер мен жаңашылдыққа бастаған кезең болғаны белгілі. Маңызды конституциялық реформалар жүзеге асырылып, барлық салаға өзгеріс енгізілді. Ослайша тәуелсіз еліміз Жана, Әділетті Қазақстан құруға бет алды. Жана бастама жалғасы ретінде 19 наурызда ҚР Парламенті мәжілісінің және барлық деңгейдегі Мәслихат депутаттарының сайлауы өткізілді. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» реформасының бастауы.

Осы орайда мен «Ақ жол» демократиялық партиясынан қалалық мәслихат депутаттығына ұсынылдым. «Ақ жол» демократиялық партиясы Мемлекет басшы-

сының бұл ұстанымдарын қолдайды. Сондықтан партия бағдарламасы да Президент ұстанымына сәйкес қағидаларды негіз етіп алды.

Тарих теңең, касиетті Қызылорда қаласы менін туған жерім. Туып, өскен өлкенің өркен жайып, экономикасы дамып, әлеуеті артақан өңірге айналдыруды елім деген әрбір азамат парыз санады деп ойлаймын. Сыр елінің өткен тарихы мен бүгінгі маған жақсы таныс. Жиырма жылға жуық уақыт қоғамның әр саласында еңбек ету арқылы жұртшылықтың мұң-мұқтажын, қаланың түйткілді мәселесін көзбен көріп келемін.

Өзім ұсынылған партияның саяси міндеттерін негізге ала отырып, мен өз сайлау округімдегі тұрғындарды толғандырған мәселені білікке жеткізуді, тиімді шешім табуына ықпал етуді міндет еттім. Депутат – бұқара мен биліктің алтын көпіріне айналып, арадағы ашпақтықты жойып, ашық қоғам құрудағы негізгі өкіл. Бұл жолда сенім артқан елдің жауапкершілігін көтеруге дайынмын.

1. «Ақ жол» демократиялық партиясы әлеуметтік саясатының басымдығы – сапалы және қолжетімді білім. Бұл ретте кенттегі 7 мектепте 6 мыңнан астам оқушы тәлім алады. Олардың сапалы білім алуына мүмкіндік жасауға;

2. Бұқаралық спортты дамытуда кент жастарының салауатты өмір салтын ұстануы үшін қажетті дене шынықтыру кешендерінің салынуына;

3. Денсаулық сақтау саласы бойынша кентте қордаланған мәселе жетерлік. Саладағы түйткілді мәселелердің оң шешім табуына;

4. Кент аумағы жылдан-жылға кеңейіп келеді. Тұрғындар санының артуы инфрақұрылымдық жүйелердің жүргізілуін, жол, қоғамдық көлік мәселесінің шешім табуын талап етеді. Әсіресе кенттің шет аумақтарында жол мәселесі әлі де өзекті. Осы мәселенің оң шешіліп, жүйелі жүзеге асуына;

5. Сондай-ақ кенттегі шет аумақтарда ауысу жайы да өзекті болып отыр. Алдағы уақытта бұл мәселенің шешім табуын талап етеді. Әсіресе кенттің шет аумақтарында жол мәселесі әлі де өзекті. Осы мәселенің оң шешіліп, жүйелі жүзеге асуына;

6. Электр желілерін тарту жұмысын жүйелендіруге;

7. Кентті жасыл желекке айналдырып, көркейту-көгалдандыру жұмысының да тұрғындар үшін маңызы зор. Бұл ретте тиісті жұмысты атқаруға;

8. Сондай-ақ халық әлеуетін арттыруда тұрғындарды толғандырған жайттардың оң шешім табуына ықпал етемін.

Қаламыздың өсіп, өркендеуі оған қарасты кенттер мен ауылдар, шағын аудандардың дамуымен тығыз байланысты. Бұл алдымен жұртшылықтың жайлы өмір сүруі үшін жасалуы тиіс жұмыстар. Өзім ұсынылып отырған «Ақ жол» демократиялық партиясының да басты ұстанымы – түбегейлі өзгеріс жасау. Ал мұның кішкентай қадамдардан басталатыны анық. Сондықтан жарқын болашақ жолындағы өзгеріске бірге қалам басып, белсене атсалысуымыз керек.

№21 сайлау округінің сайлаушыларын маңызды саяси науқанға белсене қатысып, «Ақ жол» демократиялық партиясына және маған дауыс беруге шақырамын. Өзгерісті бірге жасайық!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№20 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Ералиев Нурлан Сералиевичтің сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен Ералиев Нурлан Сералиевич 1982 жылғы 1 наурызда Қызылорда қаласында дүниеге келдім. Ұлтым қазақ. Отбасылымын, 3 баланың әкесімін. Білімім жоғары.

1988 - 1998 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы №1 Темір жол мектеп-интернатын оқып бітірдім.

2000 жылы Батыс Қазақстан облысының М.Оспанов атындағы мемлекеттік медицина университетіне оқуға түсіп, 2006 жылы «Тіс дәрігері» мамандығын алдым.

Еңбек жолымды 2006 жылы «Маржан тіс» ЖШС-де тіс дәрігері болып бастадым.

2013 жылы мамыр айында жеке кәсіпкер болып тіркеліп, «Биби-Дент» тіс емханасын құрдым.

Бұл бағыттағы қызметім бойынша 20-ға жуық маманды жұмыспен қамтып, білім алушы студенттерге практикалық және теориялық тұрғыда үйретудемін.

Атқарған қызметтерім үшін ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, облыс және қала әкімдерінің «Алғыс» хаттарымен марапатталдым.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Қызылорда қаласының, оның ішінде сайлау аймағының әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің қазіргі заман талабына сәйкес қарқынды дамуына өз үлесімді қосуды осы өңірдің перзенті ретінде азаматтық парызым деп түсінемін. Сондықтан сайлау алдындағы бағдарламада көрсетілген бағыттардың кешенді түрде іске асуына бар күш-жігерімді жұмысайтынмын аса жауапкершілікпен мәлімдеймін.

- Сайлау аумағында орналасқан әлеуметтік нысандардың қызметін заманауи талаптар деңгейіне көтеру, осы мақсатқа қол жеткізу үшін, қажетті қаржы көздерін іздестіру (грант, субсидия, қайтарымсыз грант т.б.);

- Сайлау аймағының инфрақұрылымын дамытуда қолдау көрсетіп, өзекті мәселелердің шешілуіне ат салысу;

- Сайлау аумағында орналасқан бау-бақша қоғамдастықтар мүшелерімен алдағы жұмыстарды жоспарлау, қордаланған мәселелерді шешу, бірлесіп жұмыс жасау, өзін-өзі басқару бағытындағы жұмыстардың қалыптасуына қолдау көрсету;

- Халық арасында достық қарым-қатынасты нығайту, тілдің, діннің және мәдениеттің дамуына үлес қосу;

- Жастар арасындағы қылмыстың, құқықбұзушылықтың, суицидтің алдын алу мақсатында спорттық, мәдени, әлеуметтік іс-шаралардың ұйымдастырылуына атсалысу;

- Бюджет қаражатының тиімді игерілуін қадағалау және сыбайлас жемқорлыққа қатысты кез-келген әрекеттің алдын алу;

- Тыл ардагерлері мен зейнеткерлердің, көпбалалы отбасылар мен жұмысқа жарамсыз азаматтардың әлеуметтік құқығының қорғалуына баса назар аудару, оларға емдеу және сауықтыру орындарына көрсетілген әртүрлі жеңілдіктер көлемін ұлғайтуға күш салу;

- Сайлау аумағындағы округ сайлаушыларының талап-тілектерін орындау мақсатында тиісті орындармен жұмыс жүргізу және оның шешілуін Қазақстан Республикасының заңдары шеңберінде бақылауға алу.

Қоғам көз ілеспес жылдамдықпен алға қарай қарыштап, дамып барады. Ендеше, біздер көштен қалмай, соны жетістіктер үлгісін қабылдай отырып, төрт құбыламызды түгендеп, баянды болашақтың көрмесін жасауымыз керек. Ол үшін саяси науқанға үн қосып, сайлауға бір кісідей қатысайық!

Егер Сіздер сенім артып, депутаттық мандатқа ие болсам, сайлауалды бағдарламадағы міндеттерімді абыроймен орындаймын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

ҚЫЗЫЛӨЗЕК: АУЫЛ ӘКІМІ АУЫЛҒА КӨШТІ МЕ?

Брифингте ауыл халқының ұзақ жылдар бойы көтеріліп келе жатқан «көгілдір отын» мәселесі туралы да сұрадық. Одан бөлек көшедегі иттер қауіпсіздігін де айттық. Әкім ауылдық округті табиғи газ желісіне қосуға байланысты ЖСҚ дайындауға бюджеттік өтінім берілгенін айтты. Балаларға қауіп төндіретін иттерге байланысты тұрғындарға түсіндірме жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Өткен жылдың соңында қала әкімінің аппарат мәжілісінде ауылдық тазалығы да айтылған еді. Қызылөзек ауылдық округіне қарасты үш елді мекен бар. Барлық ауылда тазалық жұмыстары Басы 1-бетте

Басы 1-бетте

Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы

2023 жылдың көктемгі кезеңіне жүргізілетін алдын алу іс-шаралар

Ветеринария саласындағы міндеттердің бірі – халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау. Жануарлардың арасында таралған аурулардың ішінде жұқпалы індеттердің адам баласына әкелетін қатері орасан. Олай дейтініміз, жұқпалы індеттердің таралу ауқымы өте жоғары, яғни індет тіркелген ошағанның асып ауданын, облыстың, мемлекеттің көлемінде, кейде бірнеше құрлыққа дейін таралуымен сипатталады. Жұқпалы індеттер тіркелгеннен кейін бірінші кезекте мал егесіне, содан кейін аудан, облыс және мемлекет деңгейінде орасан зор әлеуметтік, экономикалық зиян әкелетіні айтаса да түсінікті.

Осыған байланысты мемлекет тарапынан 2023 жылға жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын-алу бойынша Қызылорда облысына 14 түрлі ауруға қарсы ветеринариялық препараттар (вакцина) республикалық бюджет есебінен бөлініп, бекітілген жоспарға сәйкес ақпан айынан бастап, егу жұмыстары тегін жүргізілуде.

Олар, құтыру ауруына – МІҚ, уақ мал, жылқы, түйе, ит-мысықтар егілсе, аусыл ауруына – МІҚ, уақ мал егіледі. Лептоспирозге – МІҚ мен уақ мал. Листерия ауруына – МІҚ, уақ мал. Пастереллез ауруына – МІҚ, уақ мал. Сібір жарасына – МІҚ, уақ мал, жылқы, түйе, шошқа. Нодулярлы дерматит ауруына – МІҚ, құл ауруына – уақ мал. Қарасанға – МІҚ, Оба ауруына – уақ мал, түйе. Вирусты диарея ауруына – МІҚ, Құс тұмауы ауруына – барлық үй құстары. Эхинококкозға – етқоректілер (дельфинизация). Туберкулез ауруына – МІҚ тексеріледі.

Осыған қосымша жергілікті бюджет қаражаты есебінен (тегін) жануарлардың энзоотиялық аурулары: МІҚ ауруларынан – тейле-

жоқ. Ауылда кез келген уақытта түрлі жағдай болуы мүмкін. Сол кезде әкімді қайдан табады? Аймақ басшысының тапсырмасы орындалуы қажет», – деген еді. Брифингте Қызылөзек ауылдық округінің әкімінен бұл ескертудің нәтижесін сұрадық.

– Өте орынды мәселе. Қазіргі кезде аймақ басшысы да, қала әкімі де бұл тапсырманы қадағалап отыр. Орынды мәселенің орындалуы үшін қазір ауылдық округке көштім. Халықпен тығыз байланыс орнатып, елді мекенде тұрып, жұмыс істеп жатырмыз, – деп ауылға көшкенін айтты.

А.БІРКЕНОВ

риоз (өттеу), пироплазмоз. Уақ мал ауруларынан – фасциолез. Жылқы ауруларынан – сақау, гастрофилез. Түйе ауруларынан – трипаносомоз ауруларына алдын-ала егу іс-шаралары жүргізіледі.

Айта кететін бір жайт, ветеринариялық қауіпсіздікті сақтау тек қана ветеринариялық ұйымдардың ғана міндеті емес, бұған жеке және заңды тұлғалар да міндетті болып табылады. ҚР-ның 10.07.2002 жылғы №339 «Ветеринария туралы» Заңының 25-бабының талабына сәйкес жануарлардың аурулары, онымен қоса жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардың алдын-алуға жеке және заңды тұлғалар ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз малдарына уақытылы вакцинация (егу) және диагностикасын қамтамасыз етуге, малдарын толықтай бірдейлендіріп отыруға, жанадан туған төл, сатып алған (әкелген) мал туралы хабарлауға, ветеринария саласы мамандары ветеринариялық іс-шараларды атқарған кезде көмек көрсетуге міндеттілігі көзделген. Сондықтан ветеринариялық қауіпсіздікті сақтағанымыз өзмізді сақтағанымыз екенін әрқашан есте ұстағанымыз жөн.

Сөз соңында, ҚР «Ветеринария туралы» Заңында белгіленген талаптарды орындау әрбір жеке және заңды тұлғаларға міндет, ал, ветеринариялық талаптардың орындалуын бақылау, біздің негізгі бағытымыздың бірі болып қала бермек, сондықтан да алдағы уақытта, әрбір атқарылатын ветеринариялық іс-шараларды бірлесіп атқаруға шақырамыз.

ҚЕРБОЛАТОВ,

ҚР АШМ ВБЖҚ-нің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының жетекші маманы



Табиғат – талбесігіміз. Адамзат одан еш уақытта қол үзе алмайды. Екеуі тым етене. Мәселен, тіршілікке ең қажетті деген ауа, су, астық, көкөністер мен жемістерді Табиғат пен Жер-Анадан алады.

Табиғатты қорғайық!

Адамның өзі де табиғаттың бір бөлшегі. Оның өмір сүру заңдылығы да табиғатпен үндес, тығыз байланысты. Барлық тіршілік иелері секілді адам баласы ауа-райымен, қоршаған ортамен үндесті.

Табиғатты қорғау керек. Айналадағы табиғатты сақтауға тиіс. Достарыма табиғатты қорғайық деп айтқыма келеді.

Табиғатты сақтауға тиіс. Достарыма табиғатты қорғайық деп айтқыма келеді.

Еркеназ АЙТУҒАН,
Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 3 «Н» сынып оқушысы



АНАЖАНЫМ

Анашым, есімде әлдилерің, Түн ұйқыңды төрт бөліп әлдиледің. Еңбегіңнің жанғаны деп білерсің. Гүлін алып келіп тұр сәбилерің.

Анашым, лайықтысың құрметтеуге. Бейнен сенің ұқсайды гүл көктемге. Көздерің жұлдыздардай жадырайды. Анамды қоюмын мен үлгі еткенде. Ризамын мейірімде, әр ісіңе, Біздерді жеткізуде ұлы ісің де. Анашым, қартаймашы, ұзақ жасап, Ата-ананы сыйлаған ел екенбіз. Құдайым осы күннен айырмашы, Арта берсін ынтымақ берекеміз.

Ақерке САМУРАТ,
Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 4 «Т» сынып оқушысы

Біз де өзін тыйым деген көп қой. Түкірмеу, боктық сөз айтпау деген үкіметке пайдалы тыйым емес. Адамды айналма, үйге қарай жүгірме, үлкеннің алдын кеспе деген тыйымдар. Бұлардың әрине, түсіндірмесі бар. Яғни, ойдан шығарылған нәрсе емес. Бірақ бала кездегі тыйымдар қызық еді. Бүгін сол бір тыйым туралы айтайын.



Төбелесіп қалды деп келе жатқанда төбемізден құстар ұшып өтпесі бар ма? Кеше дүниетануды орындауға ерінгенім ойма сап ете қалды. «Отыр, отыр, екі аламыз», – деймін досыма. Ол да бұл тыйымды естісе керек, ойланбастан отыра қалды. Сабақ уақыты болса тап қалған. Құстар да ұшып келетін

тағылар жамырап күліп жатыр. Алай жай ғана «Түсіндірмей-ақ кой, кіре бер», – деді күліп. Әлгі балаға бір бадырайып қарамды да орныма отырдым.

Үзіліс кезі. Жан досымның тірлігіне әлі ренжіп жүрмін. Сөйлесеймін де. Ол болса айналшықтап, кешірім сұрап алек. Бір кезде «Сен келгенше апай менен сабақ сұрады. Кеше анам қоймай сабағымды тексерген соң өлеңді жаттап келіп едім. Бес қойды», – деді. Әшейінде өлең жаттау түгелі түсінігемін айтпайтын досымның бұл тірлігіне сенбей, күнделігін көрсетуді өтіндім. Сонымен ренші ұмытылып, берік достығымыз жалғасты.

Дүниетану сабағы. Апайдан көзіне түспейтін дәрі-берлі тығылып отырмын. Дегенмен айлап жүзеге аспады. «Аслан, кел, сабақ айта ғой», – дегенде

АЛМАУДЫҢ АМАЛЫ

Әдеттегідей күн. Ойда ештеңе жоқ. Омыртқамды ойбайлатып тұрып зілдей сөмкемді аркама іліп алғам. Ішінде не жоқтың бәрі бар. Оқулық, дәптер, пенал, одан қала берді бір жаңында аяқкіім шетқасы, екінші жағында қарын ашқанда жейтін алма. Кеше қонақ келгенде дастарханға қойылған анау-мынау емес ұлкен алманы аш қалардай салып алыптын. Әйтпесе мектепте тамақ бермейді емес береді. Күнде үйде манты, бешбармақ жеп жүрген баладай мектептегі тамақты менсінбейміз ғой ол кезде.

Тіркісіп-мінгесіп маршрутқа да мініп алдым. Өзім зорға келе жатсам қондуктор да «Сөмкелеріңді қолдарыңа ұстап кір» деп айқайды салып жатыр. Үйіндегі әке-шешесінен сөз естіп көрмеген мен іштей «Кешке әкеме айтып берем» деп ойлап қоям. Межелі жерге жеткенде 20 теңге прозсімді міндетсініп қолыңа ұстаттым. Сол сәтте досым да басқа қоғамдық көлікте киналып түсіп келеді. Мәз болып амандастық та мектепке қарай кеттік.

Көктемнің кеп қалған кезі. Күн жылынып, «Ауырсаң маған ренжіме», – деген анамның сөзін тыңдамай жұқа күртені киіп алғанбыз. Құлды бір сол кезде қыздар «Мынау қыс бітпей жатып жұқа киініп алыпты. Денсаулығы мықты болып тұр ғой, – деп ойлап, сүйсінетіндей ертерек жұқа киінуге асығамыз, әйтеуір.

«Кеше бірінші рет далада футбол ойнадық», – деп бастады досым әңгімесін. Кім болды, нешеде нешемен бітті, кім

уақытты тапқан екен. «Мыналар отыр-ау. Түсінігі бар балалар екен», – деп бізден әрі қарай да ұшпайды. Дәл төбемізден ұшып бара жатыр. Оның үстіне бізге күлетіндей қаңқылдап та қояды.

– Әй, қазір сабаққа кешігіміз. Өтірік әңгіме мұның бәрі, кеттік, – деп досым орнынан тұрып мектепке қарай асықты.

– Барсаң бара бер. Екі алғаннан гөрі кешіккенім артық, – деп орнымнан қозғалмастан отырмын.

Досым, жалпы дос деуге бола ма өзі? Әлгі бала көз алдыма мектепке кіріп бара жатыр. Мойнымды тоқсан градусқа бұрып төбеме қараймын. Қарғыс атқыр құстарың таусылар емес. Сол жылы үкімет біздің өңірден тегін баспана бергендей барлығы біздің жаққа ұшып келе қалған екен. «Бұлардың бітетін түрі жоқ», – деп ойландым да отырған күйі жүре басталдым. Дене шынықтыруда «Гүсінші шаға» деген жаттығудың пайдасын енді түсінгендеймін.

Менің бұл жүрісіме өткен-кеткендер қарайды. Күлетіндері де бар. Ұялып бара жатсам да екілік баға алуға намыс жібермей тұр. Әйтеуір «отырып» жүріп мектептің алдына жеттім. Есікті ашып, ішке кірген кезде бір үйілеп алып, сабаққа асықтым. Кабинетке кірсем сынып-

амадсыз тұрдым. Міңгірлеп айтайын десем тақырып туралы тыйымға ештеңе қалмапты. Оны түсінген мұғалім де күнделікке екілікті қызыл қаламмен өрнектеп тұрып қойып берді.

Сол күні сабақтан көңіліс шықтым. Бұл дүниенің әділетсіздігіне өкпелімін. Екілік баға туралы тыйымға да сенбейтін болдым. Әшейінде бестік алғанда күнделік тексермейтін анам екілікті көріп: «Мынау не?» – дегенде дайын болмағандымы түсіндірдім. Артығы болған оқиғаны айтып, әділетсіздікке өкпе-назымды білдірдім. Оған олар да күліп алды.

...Жұмыстан қайтып келем. Төбеде топтасып құстар ұшып келе жатса. Оқиға есіме түсіп, жазайын дедім. Түйіндейін деп ойланып отқанда мынаны түсіндім: Екілік бар жерде бес шықпайтын бе еді? Бірақ бастауышта тек беске оқыдым. Соған қарағанда журналға ол баға түспеген. Бірінші сабаққа еңбектен келгенімді білетін мұғалім «Келесіде сенбейтін болсың», – деген оймен қойды ма деймін екілікті. Солай болса үміті ақталды, сол екіліктен кейін сенбейтін болдым.

А.БІРКЕНОВ

– Әже-е-е-әу, – деймін еркелеген үнмен сызып айтып. Жазғы қаникулым бітуге таяу екенін іштей сезіп-біліп жүрмін. Өйткені осы пенсиядан әже жана киімдер алып берді. Демек, шешем келіп, алып кететін күн алыс емес. Сол үшін де мейлінше әжемің қасында көп уақыт өткізуге тырысып жүрмін.

– Әже деймін, – деп қайталаймын тағы да. Соның уақытта құлағы шамалы еститін боп жүрген әжеме бұл жолы аздап даусымды шығарып тұрып айттым.

– Ау, ботам? – дейді ол да қолыңдағы ұршығын иіріп отырып.

– Ұршық иіріп жіп жасайсың. Сосын одан шұлық тоқисың. Одан да неге сатып алмайсың? Ақшаң бар емес пе? – деймін.

– Қолыңнан келетін дүниенің барлығын сатып ала бересің бе? Онда істейтін тұқ қалмайды ғой. Болмаса ақшаң таусылады. Сен мысалы, қорадан жұмыртқа тергенше дүкеннен барып неге сатып ала қоймайсың? – дейді әже.

– Әй, мен енді сен сияқты ай сайын пенсия алмаймын ғой, – деймін ренжулі үнмен. Ол жауабыма әжеме күлді сосын. – Әже-е-әу, – деймін тағы да. «Ау?» деген сұраймен басын ізгенде: – Мен өскен соң сені асырап алам, – деймін.

– Мені асырап алып не істейсің? – дейді ол күліп.

– Енді, менімен бірге тұрмайсың ба? Әйтпесе мен сені сағынамын. Менімен бірге тұрсаң күшті болады. Күнде қасыңда жатам. Демалуға санаторияға апарамын. – деймін санаторияның не екенін білмесем де.

– Әй, айналайын. Ниетіңнен айналдым. Сен өскен соң жұмыс істейсің. Ақша табасың. Ал мен сенен кейінгі бауырларыңды бағып-қағып



«ӘЖЕ, МЕН СЕНІ АСЫРАП АЛАМ»

жүремің. Ертен көкенеңді басынан бағамын, сосын тағы, – деген сөзін аяқтаптан: –Қайдағы жұмыс? Мен жұмыс істемеймін, әже. Мен әкем сияқты таннан-кешке дейін жұмыста жүрсем, сенімен шайды кім ішеді? Үйде кім көмектеседі? Сенімен бірге кол ұстасып қонаққа бармаймын ба? Ол кезде бірақ мен үлкен болам, ананы-мынаны сұрай бермей үнсіз отырам. Сен

кемпірлермен әңгіме айтқанда да жағаласпайм. Сосын екеуіміз бірге отырып құрт жасаймыз. Бірақ сүтті сатып аламыз. Әйтпесе мен мал баққым келмейді. Бірге сериал көреміз, – деймін. – Сонда сен жұмыс істемесен, мал бақпасаң, күндіз-түні үйде жүрсең, сонда ақшаны кім табады? Мені қалай асырайың деп отырсың? – дейді әжеме таңдана.

– Қалай кім асырайды? Сенің пенсияң бар емес па, әже? Соған тамақ аламыз. Маған киім аламыз. Саған көйлек, орамалды оңсыз да қонаққа барғанда береді. Сосын балаларың да көмектесей ме? – деймін.

Кішкентай немересінің мұндай ку жауабына әжеме рахаттанып күліп алды. Іштей жұрттың балалары секілді ақылды ой айтпағаныма біртүрлі болған да шығар. Бірақ басымнан сипап, маңдайымнан иіскеп тұрып сол жолы еркек адам жұмыс істеп, ақша табу керек екенін асықпай отырып түсіндірді. Ол кезде кешкілік бір рет ойынды қып өрістен мал күтін алғанға, аптасына бір рет бұлақтан су алып келуге барғанға ерініп жүрген мен жұмыс істеу керектігін аса бір түсіне қоймадым. Оның үстіне әженің пенсиясын құртып, қонаққа бірге еріп барып, күнде ақша алып жүрген мен басқа құндылықтарды білмейтін, түсінбейтін едім.

...«Әже-әу, мен сені асырап алам», – деймін еркелеген үнмен. «Менің пенсиям екеуімізге жетпейді. Одан да жұмыс істе. Мен осы балаларымның қасында бола берем», – дейді әжеме күліп. Бүгінде біздің орнымызды басқан кішкентай бауырларыма менің бұл сөзім ұнамағаны көрініп-ақ тұр. Бірі «Біздің әженің үйі осы. Ешқайда кетпейді», – деп жалмажан құшақтап жатса, үлкендеуінің түйілген қабағынан қызғанып қалғанын сезіп-ақ тұрмын. Бірақ бұл жолы мен жұмыс істемей келмегеннен емес, әжені сағынатын болған соң айттым.

Қолдан келсе баруға тырысамыз-ау. Бірақ 3-4 күн бала кездегідей үй ай бойы ауылда жатып, әжеге еркелегенге жетпейді. Ауылға кетіп қалсам ба екен?..

А.НУРАЗҒАЛИ
Сурет ашық дереккөзден алынды

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімде - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН
Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірден қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес ҚЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификацияланған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына авторы, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мәзіріне жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тірлік, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 10-14-08 телефонна хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2922 Тапсырыс №330
Нөмірдің кезекші редакторы Ақтоқсан НУРЛЫБАЙ

АХМЕТТЕЙ БОЛСА ЕКЕН ҚАЗАҚТЫҢ БӘРІ

Қазақты қыспақтап нәубеттің бәрі. Ұлтыма төнді азап пен қайғы. Жүректен ойлайтын Алаштың бәрің, Қазақпен бір болған Ахметтің жаны.

Елім деп жырлады «Маса» боп жаны. «Алаш» деп жырлады жанының ары. Қазақпен бір болды, ол ашқан «Қазақ» «Әдебиет танитқыш», «Тіл құрал» тағы.

Көнермей келеді сөзінің нәрі, Кірленбей өтсе екен санамның әрі. Ақын боп, ғалым боп, көсемсөз және бар, Ол ашқан жаңалық жаңармады әлі.

Бар қазақ құрметтер Алаштың жаны, Өмірі секілді тұлпардың жалы. Бүгін бір ұлтқа шын ұстаз болған, Ахметтей болса екен қазақтың бәрі!

Сүйінбай ЖҰМАДІЛДАЕВ,
Н.Ергешбаев атындағы №172 орта мектептің 9-сынып оқушысы



БЕЙІМБЕТКЕ

Қазаққа үлгілі бір тұлға бар еңселі, Көп талап та сіңірген, еш кетпеген еңбегі. Кішіден жаттаған ақынның Бейімбет, Сағына іздеймін, іздеймін мен сені.

Шығарманды оқып та, қызығып та келемін, Мен тек сізді үлгі тұтып жүремін. Өлеңінді оқып, таңданған жас ұрпақ, Болашағы жарқын боларына сенемін!

Диляназ АРЫСТАНБЕК,
Н.Ергешбаев атындағы №172 орта мектептің 9-сынып оқушысы

ҚАЗАҚТЫҢ ДАРАСЫ

Қазақтың қадірлісі, дара тұлға, Өзіңсің бұл ғаламда асып туған. Өзден жетім қалып, батыр болған, Мен сені мақтан етем, адал тұлға.

Қасым ӘБІЛҚАСЫМУЛЫ,
Н.Ергешбаев атындағы №172 орта мектептің 9-сынып оқушысы